

Батыл Шарлотта

Ану Стохнер

Хенрике Уилсон иллюстрациясы

Шарлотта әуел бастан басқа қозыларға қарағанда ерекше болды. Барлық басқа қозылар аналарының қасынан шықпағанда, Шарлотта, керісінше, айналада секіріп, жаңа қызықты оқиғаларға дайын болды.

Шарлотта басқа қойлармен бірге фермадан алыс емес орналасқан тау бөктерінде өмір сүрді. Оларға бір бақташы қарады және оның Джек атты иті болды. Джек Шарлоттаны бақылауда ұстағысы келді, бірақ ол одан қорықпады.

Бір кезде Шарлотта өзен жағалауынан секіріп, жылдам ағып жатқан суда жүзіп кетті.

«Ту, ту», - деп ересек қойлар бастарын шайқады. Олар Шарлоттаның түнде ауыл ішін жасырын кезіп жүргенін білсе, не айтар еді?





Барлық басқа қойлар ұйықтап жатқанда, ол өзінің ерекше орынына барып, айға қарайды.

Тіпті Джек те мұны байқамайды. Соңғы күндері оның құлағы аса жақсы естімейтін болды.

Бір күні қорқынышты оқиға орын алды. Шопан құлап, аяғын сындырды. Джек оның айналасында үріп жүрді, бірақ бұл шопанға көмектеспеді. Шопан не істерін білмей, шөптің үстінде жатты.

«Құдайым-ай, құдайым-ай», - деді ересек қой.

«Біреу алқаптағы фермерлердің үйіне барып, көмек шақыруы керек».

«Джек барсын, тек ол ғана баратын жолды біледі».

«Бірақ бұл өте алыс жер. Джек малды әр ең бағып жүр».

«Ия, айтқанын дұрыс», - деді басқалары, бастарын шайқап.



Сонда Шарлотта: «Мен бара аламын. Мен барамын» - деді.

«Шарлотта? - деп кәрі қой күбірледі. – Ешқашан!

Қойлыр алқапта ешқашан жалғыз жүрмейді». Ересек қойлар қатты алаңдады. Бірақ Шарлотта оларға назар аудармай, алқапқа жол іздеуге кетті.





Шарлотта жол бойына жеткенде түн ортасы болды. Ол көліктердің қозғалысына қарап тұрып қалды. Жүк көлігінің жүргізушісі Шарлоттаны байқап, тоқтады.

«Алқапқа барасыз ба?» - деп сұрады. Шарлотта басын изеді.


Оған автокөлікпен жүру қатты ұнағаны соншалық, фермердің үйіне жеткенде, онда өкініш сезімі болды.

Шарлотта терезені қаққанда, фермер ұйықтап жатқан еді.

«Бұл Шарлотта, - деді фермер, - және ол жалғыз. Бір нәрсе болып қалған шығар».

Шарлотта және фермер басқа қойларды табу үшін тракторға отырды. Олар келгенде, бейшара шопан әлі шөптің үстінде жатыр екен. Фермер оны бірден ауруханаға апарады.

Шопан қой бағуға оралмас бұрын, алты ай бойы аяғы гипсқа оралып жатты. Ол қайтып келгенде, Шарлоттаға алғыс білдірді. Содан бері, Шарлотта қалаған жеріне еркін бара алды.



1. Джек деген кім?

2. Джек Шарлоттаға не істегісі келді?

3. Шарлоттаның басқа қойлардан екі ерекшелігін атаңыз.

4. Ай салынған суретте Шарлотта қайда тұр?

ерекше орнында.

ағын бойында.

фермада.

жасырын жерінде.

5. Неліктен Джек Шарлоттаның түнде шыққанын байқамай қалды?

6. Неліктен шопан шөптің үстінде жатты?

- ол фермермен кездескісі келмеді.
- ол аяғын сындырып алды.
- оның ұйқысы келді.
- ол айға қарап жатты.

7. Жануарларға көмек сұрау үшін қайда баруға тура келді?

8. Неге көмек шақыру үшін Джек жақсы таңдау болды? Бір себебін жазыңыз.

9. Неге көмек шақыру үшін Джек жақсы таңдау БОЛМАДЫ? Бір себебін жазыңыз.

10. Шарлотта кеткенде ересек қойлар өздерін қалай сезінді?

- қуанышты.
- жеңілденгендей.
- абыржыған.
- ашулы.

11. Неліктен Шарлотта кәрі қойларды естімеді?

12. Шарлотта жолдың бойына қашан жетті?

13. Жолдың бойына жеткенде, Шарлотта не істеді?

- фермердің үйіне қарай жүрді.
- тоқтай қалып, қозғалысқа қарап тұрды.**
- жолды кесіп өтуге тырысты.
- жүк машинасын тоқтатуға тырысты.

14. Фермердің үйіне келгенде неге Шарлоттада өкініш сезімі болды?

- ол басқа қойларды сағынды.
- ол фермерді ояту керек еді.
- ол жүк көлігімен жүргенді ұнатып қалды**
- ол шопанға алаңдады.

15. Бір нәрсе болғанын фермер қалай сезді?

- Шарлотта жалғыз болды.
- Шарлотта айтып берді.
- Шарлотта жүк көлігімен келді.
- Шарлотта өкінішті көрінді.

16. Фермер және Шарлотта бірігіп не істеуді шешті?

17. Шопан гипсте оралған аяқпен қанша жатты?

18. Неге шопан Шарлоттаға алғысын білдірді?

19. Мәтіндегі оқиғаларды дұрыс ретпен қойыңыз.
Біріншісі сіз үшін жасалды.

— Шопан ауруханаға барады.

— Шарлотта алқапқа барады.

1 — Шопанға көмек қажет.

— Фермер қойшыны табады.